

көмек көрсете алады, бірақ олар журналистік этиканы берік ұстанатын редакциялық ортада ашық, әділ және жауапкершілік танытқанда ғана мүмкін болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Dr Preeti Singh, Dr Amit Verma, Dr SanjnaVij, Dr Jyotsana Thakur Implications & Impact of Artificial Intelligence in Digital Media: With Special Focus on Social Media Marketing/ E3S Web of Conferences 399, 07006 (2023)
2. Бектұр Т. Жасанды интеллект және заманауи медиа. Астана, Қазақстандық қоғамдық даму институты, 2023. <https://kipd.kz/>
3. Alireza Baradaran Artificial Intelligence in Social Media / December 2021 DOI:[10.5281/zenodo.5948909](https://doi.org/10.5281/zenodo.5948909) Conference: 4th International Conference on Modern Developments At: Tehran, Iran
4. Aylin Karakuş Social studies and artificial intelligence // International Journal of Eurasian Education and Culture, 8(24), 3079-3102.
5. Julia Lynn Parra,Suparna Chatterjee Social Media and Artificial Intelligence: Critical Conversations and Where Do We Go from Here? // Educ. Sci. 2024, 14, 68. <https://doi.org/10.3390/educsci14010068>

ПОДСЕКЦИЯ 13.2. ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС / СВЯЗЬ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ШҚІР ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ PR ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ӘОЖ 659. 44

PR САЛАСЫНДАҒЫ ШЕТ ТІЛІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Алпысбек Нұрай Қанатқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

3 курс студенті,

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Алғалиева Г.С.

Аңдатпа

Бұл мақалада PR саласының дамуындағы шет тілінің алатын рөлі қандай екендігі қарастырылады. Қазіргі заман талабы бола білген шет тілін меңгеру жеке қызығушылық қана емес, мамандықтарды игеруде қойылатын талапқа айналуда. Сондықтан PR саласын дамытуда шет тілін қаншалықты меңгеру керектігіне ерекше назар аударылады. Мақалада әлемдік тілдердің қолданыстағы статистикасы келтіріліп, ғаламторда қай тілдің көп қолданылатынын негізге алады. Онымен қоса «әлемдік тіл» мәртебесіне ие ағылшын тілін үйреніп, шет елдік компанияларда PR саласын дамытуға үлкен үлес қосуға әрбір жастардың мүмкіндіктері бар. Мақалада осы тақырып жайында ақпараттар беріледі.

Кілт сөздер: PR, ағылшын, шет тілі, тіл

Аннотация

В данной статье рассматривается роль иностранного языка в развитии индустрии PR. Изучение иностранного языка, ставшее требованием современности, становится не только личным интересом, но и требованием для овладения профессией. Поэтому особое внимание уделяется тому, насколько необходимо владеть иностранным языком при разработке PR. В статье представлена актуальная статистика мировых языков и рассмотрено, какой язык чаще всего используется в Интернете. Кроме того, каждый

молодой человек имеет возможность выучить английский язык, имеющий статус «мирового языка», и внести большой вклад в развитие PR в зарубежных компаниях. В статье представлена информация по этой теме.

Ключевые слова: PR, иностранный язык, английский язык, язык

Abstract

This article discusses the role of a foreign language in the development of the PR industry. The study of a foreign language, which has become a requirement of our time, is becoming not only a personal interest, but also a requirement for mastering a profession. Therefore, special attention is paid to how much it is necessary to know a foreign language when developing PR. The article presents the current statistics of world languages and considers which language is most often used on the Internet. In addition, every young person has the opportunity to learn English, which has the status of "world language", and make a great contribution to the development of PR in foreign companies. The article provides information on this topic.

Keywords: PR, foreign language, english, language

Тіл – ұлттың төл мәдениеті сақталған, ескі менен жаңаны, өткен менен болашақты байланыстыратын құрал. Қарапайым тілде айтқанда тіл – байланыс көзі. Ұлт пен халықты, адам менен елді жақындастыратын да – тіл. Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі. Оның екінші қызметі – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне тікелей байланысты. Ал тілдің үшінші бір қызметі, ғылыми терминмен айтқанда аккумулятивті қызметі деп аталады. Ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сөйтіп оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын қасиеті [1;64]. Осылайша мәдениеттің рөлінде тіл ұлттың ішкі байланысы мен адам тіршілігінің негізі екенін аңғардық, ал бірақ мәдениетаралық қарым – қатынаста тілдің алатын орны қандай?


Қазіргі заман талабы бола білген шет тілін жетік меңгеру, әр тұлғаның болашағын кемел етуге зор үлесін қосуда. Менің ойымша, тіл білу – заман талабына сай икемделу. Яғни тіл білу – байлық. Әлемдік елдермен тереземізді тең ұстауымыз үшін тіл үйренген абзал. Егер біз әлемдік тілдерді үйренетін болсақ,бізді алда жарқын болашақ күтіп тұрғанына сенімдімін. Әрине, тілді білу және оны үйрену арқылы ешкімде ұтылмайтыны анық. Өз мамандығын дамыту үшін тілдерді жетік меңгеру – жас маманның болашаған зор етері сөзсіз. Қазақ халқы табиғатынан зерек, қабылдағыш халық. Намысын найза ұшына шаншып, күре тамыры Көк бөриден қуаттанып, жауына Абылайлап шапқан, Еділден Жайыққа дейінгі, Сырдария мен Әмудария өзендерінің аралығын, Хорасан жерін қамтыған Қазақ хандығының ұрпағына бүгінгі таңда әлемдік деңгейге жету қиындық тудыра қоймас. Әрине көп тілді меңгеру – мақтаныш [2]. Сондықтан шет тілін білу сән емес, заман талабына айналғанына куәміз. Шет тілін білу арқылы, тұлға өзіне берілген көп мүмкіндікті игілігіне пайдалана алады. Оған қоса, мәдениетаралық қарым – қатынаста қабілетті, әлеуметтік – мәдени біліктілікті игерген жас мамандарды дайындауда шет ел тілін оқыту мен оқудың маңызы зор болып табылады.

Әлемдік қолданыста ағылшын тілінен кейін орынлы неміс тілі алады. Ол Еуропа аумағында кең таралған, оны 100 миллионнан астам адам қолданады және оны шет тілі ретінде 50 миллионнан астам адам оқиды [3;79]. Шет тілін үйретудегі шет тілі мұғалімінің міндеті тілдік және аймақтық сипаттағы білім ғана емес, сонымен қатар критерийлерді заманауилық типтік ақпаратқа айналдырып, мамандықты игеруге қызығушылықты арттыру болып табылады. Онымен қоса олардың қызметіне кіретін өзге

ұлттармен мүмкіндігінше қарым-қатынасты қамтамасыз ету шет тілін үйренуге деген ынтасын арттыру, лингвистикалық білімді жетілдіреді. [4;10].

Шет тілін PR саласында дамудың негізгі құралы ретінде қарастыруға болады. Жұртшылықпен байланыс орнатуда тек қана қазақ тілін білу PR маманы үшін аздық етеді. Жаһандық деңгейге өзге мәдениеттер мен өзге тілдерді үйрену арқылы шығуға болатын заманда, ағылшын тілі - PR-шыны алға шығаратын таптырмас құрал. Қоғаммен байланыста болатын адам үшін ағылшын тілі жұмыс үшін де, біліктілігін арттыру үшін де қажет: PR саласы бойынша нағыз шетелдік майталмандардың семинарлары мен вебинарларын тыңдау, конференцияларға еркін қатысу, жоспарланған тақырыпта кез-келген адаммен сөйлесу мүмкіндігі. Үш тілділік заманы орын алып жатқанда әрбір PR маманы түрлі мақалалар, пресс-релиздер, буклеттерді ағылшын тілінде еркін жазу үшін шет тілін жетік меңгергені маңызды.


Саяхаттағанда немесе білім алуға, жұмыс бабымен шет елдерге шыққан уақытта қарым-қатынас тілі ретінде көпшілік ағылшын тілін қолданады. Себебі, бүгінде ағылшын тілі «әлемдік тіл» мәртебесіне ие және бұл тілде миллиардтаған адам сөйлейді. Біздің қоғамда ағылшын тілінің мерейі үстем, ғаламторда танымалдылығы бойынша бірінші орынды иемденіп отыр. Екінші орында – қытай тілі, үшінші орында – испан тілі (1, 2 сурет). Ағылшын тілі сөздік қоры ең көп тіл саналады. Тілде 800 000-нан астам сөз бар. Және синонимдер сөздер қатары да көп. Сол себепті, қарым – қатынаста жеңіл әрі оңай тіл деп қабылданған (3 сурет). Бенджамин Франклин «мас» (ағыл. drunk) сөзінің 200-ге жуық синонимін тапқан екен. Мұның тиімділігі – керек сөзді еске түсіре алмаған жағдайда, басқа сөзбен оп-оңай алмастыра аласыз [5;204].



1-сурет



2-сурет



3-сурет

Мысалы, заманауи типтегі көптеген фильмдердің жарыққа ағылшын тілінде шығуы, ағылшындардың мәдениетінің ұлтаралық қатынастар мен мәдениет арасында беделін көтеруде. Еуропа елдеріне барған студенттер ана тілінде сөйлейтіндермен әрбір кездесуде ағылшын тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға бейім. Әр маман қз біліктілігін арттыру үшін шет елдік жоғарғы оқу орындарына тапсырады. PR-маманы да бұндай мүмкіндіктен құр қалмайды. Шет елге шыққанда да ағылшын тілін білу күнкөріс құралы екені анық. Себебі, ағылшын тілі – әрбір қатынаста жеңіл әрі оңай қабылданады. Сондықтан оны қатынас құралы деп айтуға түп негіз бар. Қарапайым мәдениет саласының жарқын үлгісі музыка өнерінде елге белгілі, танымал әншінің (әншілердің) жаңадан әні шықса, қаласа ағылшынша үлгісін де қосып шығаруына болады. Мысалы, дүниежүзіне танымал Кореяның талантты, өнерлі әншілерінен жасақталған «BTS» тобы жаңадан ән жазса, міндетті түрде ағылшынша үлгісін қосып жарыққа шығарады. Бұл дегеніміз қазір музыка өнеріне де ағылшын рөлінің үстемдігі кіріп, жайғасқандығы.

Мысалы, сіз туризм саласының PR- маманысыз. Мәдениет саласын жаңғырту, өзге ұлттың өркениеті мен өнерін танып білу, көркем табиғаты және халқымен танысуды мақсат ететін туризм саласында да шет тілінің алатын орны айрықша. Себебі, туризм – мәдениет арасын байланыстырушы көпір. Ал, байланыстыру үшін маңызды құрал – тіл. Кез-келген мемлекетке жергілікті тілді білмей баратын туристтердің ағылшын тілін қолданатынын байқаймыз. Бұл ағылшын тілінің мәдениеттер арасын ғана емес, халықтарды да байланыстыратын білдіреді [3;79]. Мысалы, біздің Қазақстанға келетін туристтердің қазақ тілін аз ғана уақытта меңгере алмайтынын байқаймыз. Неге? Себебі, қазақ тілін меңгеруде шет елдік азаматтар қиындықтарға тап болады.

Қазақ тілі, әрине өзімізге оңай, бірақ өзгелерге қиын. Біздің алфавитімізде қырық екі әріп, ал басқаларында аз. Одан бөлек қазақ тілінің не бір әдемі, көркем сөздері көп, бір сөзбен айтқанда тумамыздан тілге шешен болғандықтан, өте бай тіл. Өнерге жақын болғандықтан тіліміздің де сан ғасырлық тарихы бар. Ежелгі ата – бабалар мұрасының ізін жалғап, қалдырған ізгі жолын саралап келе жатқан басты құндылығымыз қазақ тілі болғандықтан, бұл тілді үйрену, ұғыну қиындық тудыратыны сөзсіз. Елімізге саяхаттап келген туристтердің басты қиыншылық деп танитын дүниелері қазақ тілінің жеңіл емес екендігі, үйрену үшін тарихымызды да қоса қамтып, ол үшін терең философиялық қабілет қажет екендігі екенін атап өтеді [6]. Сондықтан олар бұл салада орыс немесе ағылшын тілінің тиімді әрі оңай екенін ашық айтады. Осы орайда сіз қызмет көрсеткенде оңайға түсу үшін тағы да ағылшын тілін меңгеруіңіз керек. Өз туристік агенттігіңізді келген қонақтарға ағылшын тілінде ғана жарнамалай аласыз. Солайша өз компанияңыз жайында олардың ойында ерекше бір қызығушылық танытасыз.

Тек Қазақстан аумағында ғана емес, әлемдік деңгейге көтерілетіндей маман болуды бәрі де қалайды. Ал ол үшін қойылатын негізгі талап – тіл білу. Қарапайым Қазақстандық жоғарғы оқу орнында шет елдік университеттерге бір семестрге білім алуға жіберілу үшін шет тілінің «B2» деңгейі болуы шарт. Осы арқылы студентті болашақта маман

ретінде қалыптастыру үшін шет тілінің алатын орны ерекше екенін аңғаруға болады. Шет елдік компанияларда қазіргі таңда бірталай Қазақстандық жастарымыз PR саласын дамытып, қызмет етіп жатыр. Адамның бойында жұмысына деген талпыныс пен зейін, қабілеті болса, онда ол маманға бар әлем таласады. PR-маманы жаңашылдық пен креативті жүзеге асыратын заманауи, әлем бойынша сұранысқа ие мамандық. Сұраныс үшін өзінді, әрбір PR-маманы, дайындауы керек. Білімін ұлғайтып, шет тілін меңгеріп, әлмедік стандарттарға сай маман болып шыға алады.

Қорытындылай келе, тіл әлемді бір-біріне жақындастыратын, мамандар арқылы елдердің байланыс орнатуына әсерін тигізетін құрал екенін ұғындық. Әр халықтың мәдениет саласында тілдің рөлі қаншалықты басым болса, бірнеше халық арасында ұлттық сана-сезім мен ұлттық құндылықтарды бір – біріне сабақтастыратын тілдің рөлі білім саласында да жоғары беделге ие. Жер бетінде қаншама ұлт өкілдері болатын болса, соншалықты тіл бар. Өзара ұлттың рухани дүниелерімен алмасып, бір – бірінің мәдениетін толықтырып отыратын халыққа, яғни Қазақстанға, өзге тілдерді білу тиімді. Тілдерді білу PR-шы үшін өзге елдердің әдет-ғұрыптарын білуге және зерделеуге мүмкіндік бере отырып, табыс жолында адамға үлкен мүмкіндіктер ашады. PR- маманы үшін біліктілікті арттырып, әлемдік деңгейге шығуда тіл білудің пайдасы орасан зор. Сол арқылы олар өз мансаптық өсуін қалыптастырады деп тұжырымдауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абасилов А.Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Алматы: «Асыл кітап». – 2016. – 248 бет.
2. Электронный ресурс: <https://massaget.kz/blogs/26100/>
3. Иностранные языки в диалоге культур: политика, экономика, образование : тез. докл. Междунар. науч.-практ. конф., 1-3 окт. 2009 г. / редкол.: Н. В. Буренина, К. Б. Свойкин, О. Ю. Левашкина [и др.]. – Саранск : Изд-во Мордов. ун-та, 2009. – 272 с.
4. Majid A. Educating Ourselves Into Coexistence // The Chronicle on Higher Education. April, 12. – 2002. – P. 10.
5. Основы языкознания : учебное пособие / А. А. Шунейко, И. А. Авденко. – Москва: Изд. Юрайт, 2020. – 363 с.
6. https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_foreignn_turists_english_language/28658160.html

Аманжол Ақтолқын Нұрғалиқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультетінің 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к., доцент Дүйсенғазы Серікзат Мақсұтұлы

Аннотация: Мақалада мемлекеттік тіл және дүниежүзіндегі елдердің оны қолдану аясы, мемлекеттік тіл туралы қоғамдық пікір қалыптастырудың маңызы және соған сәйкес PR технологиялар негізгі әрекеттердің бірі ретінде ұсынылған. Сонымен қатар, PR технологиялар қызметінің анықтамалары, өзектілігі, қазіргі тіл мәселелері және оны шешу жолдары, сондай-ақ PR технологиялардың мақсаты, принциптері мен функциялары, оның қоғамдық санаға әсері қарастырылады.

Кілт сөздер: мемлекеттік тіл, ресми тіл, елдер, pr технологиялар

Аннотация: В статье представлен государственный язык и сфера его применения странами мира, значение формирования общественного мнения о государственном языке и соответствующие pr-технологии как одно из основных действий. Кроме того,